



**А.С. Шакаримов, Т.Г. Маханов**

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы  
Құқық қорғау органдары академиясы, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы*

## **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ КЕЗІНДЕ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚАТЕЛІКТЕРІН АЖЫРАТУДЫҒА КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Аннотация.** Бұл мақалада авторлар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен басқарушылық қателіктердің аражігін ажырату мәселелерін қарастырып, қылмыстық жаза тағайындау шеңберіндегі маңыздылығын көрсетеді. Мемлекет Басшысының тапсырмасын орындау аясында жүргізілген зерттеулерге сүйене отырып, мемлекеттік басқару саласындағы басқарушылық қателіктердің түсінігін саралайды, орын алып отырған кемшіліктерді көрсетеді. Сонымен бірге авторлар статистикалық мәліметтерге талдау жүргізе отырып, сот тәжірибесіндегі фактілерді егжей-тегжейлі сипаттай келе, аталған санаттағы қылмыстық істердің тоқтатылуына себепші қылмыстық қудалау органдары жол берген жүйелі кемшіліктерді тізіп көрсетеді. Зерттеліп отырған мәселенің үш буынды моделді енгізудегі орнын белгілей отырып, авторлар Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы №8 Нормативтік қаулысын сынға алып, кейіннен тиісті өзгертулер енгізу үшін, аталған санаттағы істер бойынша сот практикасын қорытуды ұсынады.

**Түйінді сөздер:** сыбайлас жемқорлық қылмыс; әкімшілік құқық бұзушылық; басқарушылық қателік; ажырату; қылмыстық қудалау; қылмыстық процесс; нормативтік қаулы; сот тәжірибесі.

**А.С. Шакаримов, Т.Г. Маханов**

*Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан,  
г. Нур-Султан, Республика Казахстан*

## **НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ РАЗГРАНИЧЕНИЯ УПРАВЛЕНЧЕСКИХ ОШИБОК ПРИ НАЗНАЧЕНИИ УГОЛОВНОГО НАКАЗАНИЯ ЗА КОРРУПЦИОННЫЕ УГОЛОВНЫЕ ПРАВОНАРУШЕНИЯ**

**Аннотация.** В данной статье авторами рассмотрены вопросы разграничения коррупционных правонарушений и управленческих ошибок, показана их значимость в рамках назначения уголовного наказания. Основываясь на исследованиях, проведенных в рамках исполнения поручения Главы государства, анализ понятия управленческих ошибок в сфере государственного управления указывает на имеющиеся недостатки. При этом авторы, проводя анализ статистических данных, подробно описывая факты из судебной практики, указывают на системные недостатки, допущенные органами уголовного преследования, способствовавшие прекращению уголовных дел данной категории. Отмечая место исследуемого вопроса во внедрении трехзвенной модели, авторы анализируют нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 27 ноября 2015 года №8 и предлагают обобщить судебную практику по указанным категориям дел для последующего внесения в него соответствующих изменений.

**Ключевые слова:** коррупционное преступление; административное правонарушение; управленческая ошибка; разграничение; уголовное преследование; уголовный процесс; нормативное постановление; судебная практика.

**A.S. Shakarimov, T.G. Makhanov**

*The Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan,  
Nur-Sultan c., the Republic of Kazakhstan*

## **SOME ISSUES OF DIFFERENTIATION OF MANAGERIAL ERRORS IN THE APPLICATION OF CRIMINAL PENALTIES FOR CORRUPTION CRIMINAL OFFENSES**

**Abstract.** In this article, the authors consider the issues of distinguishing between corruption offenses and managerial errors and show their significance in the framework of criminal punishment. Based on the research conducted in the framework of the execution of the order of the Head of State, the author analyzes the concept of managerial errors in the field of public administration, and points out the existing shortcomings. At the same time, the authors, analyzing statistical data, describing in detail

the facts from judicial practice, list the systemic shortcomings committed by the criminal prosecution authorities, which contributed to the termination of criminal cases of this category. Noting the place of the studied issue in the implementation of the three-tier model, the authors criticize the normative resolution of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan No. 8 of November 27, 2015 and propose to summarize the judicial practice in these categories of cases for subsequent changes.

**Keywords:** corruption crime; administrative offense; administrative error; delineation; criminal prosecution; criminal process; regulatory resolution; judicial practice.

DOI: 10.52425/25187252\_2021\_21\_85

Сыбайлас жемқорлық мәселесі қазіргі уақыттағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Мемлекет өз тарапынан қылмыстық саясатын ізгілендіріп, аталған қоғамға қауіпті құбылысқа тиімді мемлекеттік шараларды қабылдағанымен де, бұл дерттен әлі жазылар емеспіз. Себебі сыбайлас жемқорлық құбылысы жасырынды және оны өлшеу, әшкерелеу қиын екені белгілі [1].

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 1-бабы 11) тармақшасына сәйкес, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік)<sup>1</sup>.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде (бұдан әрі – ҚР ҚК) сыбайлас жемқорлық қылмыстарға 189 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 190 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 218 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 234 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 249 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 361, 362 (төртінші бөлігінің 3) тармағында), 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451 (екінші бөлігінің 2) тармағында) және 452-баптарында көзделген іс-әрекеттер жатады<sup>2</sup>.

Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 34-тарауында (676-681-баптар) көзделген.

Сонымен қатар құқық ғылымында сыбайлас жемқорлық мәселесіне арналған

отандық және шетел ғалымдардың еңбектері де аз емес [2]; [3].

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін ең қауіпті құбылыстардың біріне жататындығын [4, 49 б.] з.ғ.д., профессор С.М. Рахметов те айтып отыр.

Кейбір заңгер-ғалымдар сыбайлас жемқорлық деп мемлекеттік қызметші немесе олардың атынан әрекет ететін үшінші тұлға бизнестің пара төлеуі үшін тікелей сұрайтын, ұсынатын немесе жағдай жасайтынын түсінеді [5].

Сыбайлас жемқорлықты кейбір шетелдік ғалымдар мемлекеттік ресурстарды объективті түрде бөлуге әкелетін мемлекеттік билікті жеке мүдделерге теріс пайдалану делінген өзге де анықтамалар бар. Дүниежүзілік банктің бағалауы бойынша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қоғамның тауарлар мен ресурстарды өз мүдделеріне бөлуде билікті шектеу қабілеті ретінде анықталады [6].

Сыбайлас жемқорлық құбылысы парақорлық, мемлекеттік бюджетті теріс жұмсау, мемлекеттік билікті теріс пайдалану, қызметтік жалғандық және т.б. қылмыстық бұқық бұзушылықтар арқылы көрініс табады.

Аталған қылмыстарды жасаудың негізгі себебі ретінде, Е.А. Омаровтың ойынша, мемлекеттік қызметкердің материалдық жағдайынан туындайтын өзіндік пайдакүнемдік мүддесін айтуға болады [7, 25 б.].

Сонымен Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылғы 19 тамыздағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі кеңестегі сөзінде: сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – еліміздің стратегиялық дамуындағы негізгі

<sup>1</sup> Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: Қазақстан Республикасының Заңы 2015 ж. 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410> (жүгінген күні: 04.04.2021).

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 ж. 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (жүгінген күні: 04.04.2021).



басымдықтардың бірі болып табылатынын айтты.

Оған қоса Мемлекет басшысы мемлекеттік қызметшілер қылмыстық процеске әрдайым негізді түрде тартылмайтынына және мұндай фактілер бүкіл мемлекеттік аппараттың жұмыс қабілеттілігіне теріс әсер ететініне назар аударды, мысалы: «Адал, өзіне жауаптылық алуға қорықпайтын шенеуніктер қылмыстық процесс шеңберіне тартылмауы тиіс. Мемлекеттік аппарат шешім қабылдаудан қорықпауы керек.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметшілердің бастама көтермейтін, жауаптылықты бұлдырататын, шектен тыс әуре-сарсаңға салатын үрдістерін байқаймыз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенді күрес науқаншылдыққа айналмауы керек, жауапты және заңды орындаушы мемлекеттік қызметшілердің жұмыс сапасына еш әсер етпеуі керек. Мемлекеттік органдардың қызметіне дөрекі араласуды тоқтату керек. Сыбайлас жемқорлық пен басқарушылық бұзушылықтардың аражігін нақты ажырату қажет»<sup>3</sup>.

Бұл орайда Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының зерттеушілер тобы (бұдан әрі – Академия зерттеушілері) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық пен басқарушылық қателіктердің нақты аражігін ажырату жөнінде зерттеу жүргізіп отыр. Мемлекет басшысының пайымдауындай, зерттеу барысында әрбір басқару шешімінде белгілі бір тәуекелдер бары анықталды. Менеджменттің теориясы мен практикасындағы басшы міндеті – бұл тәуекелдерді кез-келген жолмен болдырмау емес, мысалы, стратегиялық емес сипаттағы мәселелер бойынша тек тексерілген, қарапайым шешімдер қабылдау, бірақ кез-келген шешім қабылдаған кезде оларды алдын-ала

болжауға тырысу және мүмкін болатын жағымсыз салдарды азайту.

Мәселен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы А. Жайылғанованың айтуынша, «жаңа формациядағы басшыларының құзыреті - стратегиялық көшбасшылық, өзгерістерді басқару, тиімді коммуникация»<sup>4</sup>.

Осындай талаптарға сай болу үшін басқарушы буынның кез келген заңды басқарушылық шешімі, ертеңгі күні туындайтын барлық салдармен сыбайлас жемқорлық қылмыстары ретінде саналмайтынына сенімді болуға тиіс.

Осындай үрей қазіргі уақытта мемлекеттік қызметшілердің тәжірибесінде туындап отыр.

Мысалы статистикалық талдау көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша соттар адамдардың болмашы санын ақтаған болса, олардың арасындағы басшылардың үлесі жыл сайын төмендеп келеді (2016 жылғы 75%-дан 2020 жылы 14%-ға дейін).

Бұл орайда әділ сотты жүзеге асыруда соттар негізді тәуекел ету (ҚР ҚК 36-бабы) және аса қажеттілік (ҚР ҚК 34-бабы) институттарын қолданбайды.

Мұның бәрі Мемлекет басшысы атап өткен проблемаларды көрсетеді.

Мәселен, ең дәстүрлі анықтамалардың біріне сәйкес басқарушылық қателік – басқарушылық әсердің нақты нәтижесінің күтілгеннен ауытқуы. Бірақ бұл күтілетін нәтиже дұрыс қойылған мақсаттың салдары болған жағдайда ғана жарамды.

Ресейлік ғалым Ф.П. Тарасенконың ойынша, түпкі мақсатқа жету жолын таңдауда қателіктер жібермеу өте маңызды. Бұл жолда қабылданатын шешімнің дұрыстығы немесе қателігі туралы мәселе бағалау өлшемшарттарына негізделеді [8].

Басқарушылық шешімнің нәтижесінде анықталған зиян болған кезде, қылмыстық құқық тұрғысынан басқарушылық қателікті адам өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің)

<sup>3</sup> Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі кеңесте сөйлеген сөзі [Электрондық ресурс]: Ақорда, 19.08.2020 ж. / Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. - Айналыс режимі: [https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal\\_political\\_affairs/in\\_speeches\\_and\\_addresses/memleket-basshysy-kktokaevtynsybaillas-zhemkorlykka-karsy-kures-maseleleri-zhonindegi-keneste-soilegen-sozi](https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kktokaevtynsybaillas-zhemkorlykka-karsy-kures-maseleleri-zhonindegi-keneste-soilegen-sozi) (жүгінген күні: 04.04.2021).

<sup>4</sup> Анар Жайылғанова жаңа формация басшыларының бойынан табылуы тиіс 3 қасиетті атады [Электрондық ресурс]: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі. - Айналыс режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/qyzmet/press/news/details/116838?%20%20lang=ru&lang=kk> (жүгінген күні: 04.04.2021).

қоғамдық қауіптілігін ұғынбаған және істің мән-жайлары бойынша ұғына алмаған не қоғамға қауіпті зардаптардың туындау мүмкіндігін алдын ала болжап білмеген және істің мән-жайлары бойынша оларды алдын ала болжап білуге тиіс болмаған немесе білмеген кезде кінәсіз зиян келтіру (ҚК-нің 23-бабының 2-бөлігі) деп қарауға да болады.

Шынында да, басқаруда жүйелік кемшіліктер бар. Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың жетілмегендігінен басқа, басқарушылық мінез-құлықты шамадан тыс нақтылау, менеджерлердің біліксіздігі, шектеулі мерзімде, көбінесе мәселені тиісті, жан-жақты зерттемей-ақ әртүрлі басқарушылық шешімдердің көп мөлшерін шұғыл түрде қабылдау қажеттілігі жиі кездеседі.

Міне, осының барлығы сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін күдікті басшының әрекетін саралау барысында, соттардың жаза тағайындау кезінде тиісті ықпал етеді. Демек мемлекет сыбайлас жемқорлық пен басқару ісіндегі олқылықтардың ара жігін нақты ажырата білу қажет.

Бұдан басқа, белгіленген тақырып шеңберінде сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істерді тергеп-тексеру және сотта қылмыстық істі қарау кезінде құқық қолдану практикасының кейбір туындайтын проблемаларына назар аудару қажет.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының кейбір нормаларын сот практикасында біркелкі және дұрыс қолдану мақсатында, аталған санаттағы істерді қарау барысында соттар «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы №8 нормативтік қаулысының ережелерін басшылыққа алатыны белгілі.

Нормативтік қаулының ережелерін талдау ұрлық, теріс пайдалану, қызметтік жалғандық және т.б. сияқты басшылар жасаған қылмыстарға жеткілікті көңіл бөлінбейтінін көрсетті.

Атап айтқанда, 2018-2020 жылдардағы соттардың қысқартқан сыбайлас

жемқорлық қылмыстық істерін талдау көрсеткендей (ҚР ҚК 189, 190, 361, 369-баптары бойынша), сот практикасы, құқық қорғау органдары мұндай әрекеттерді, әсіресе қаржылық тәртіпті, бухгалтерлік есептілікті бұзуды көбінесе қылмыс белгілері жоқ сыбайлас жемқорлық көрінісі ретінде бағалайды.

Бұл орайда ресейлік заңгер-ғалымдар А.Ю. Головин мен Н.В. Бугаевскаяның пайымдауынша, сыбайлас жемқорлық қылмыстар субъектілері тарапынан жасалған барлық құқық бұзушылықтар қылмыстық-құқықтық болып табылмайды, өйткені олар әкімшілік, қызметтік құқық нормаларымен реттелуі мүмкін [9].

Сонымен 2018-2020 жылдардағы ҚР ҚК 189, 190, 361, 369-баптары бойынша соттар қысқартқан сыбайлас жемқорлық қылмыстарының жекелеген құрамдары теріп алынды:

- ҚК 189-б. 3-б. 1 және 2-т. бойынша – 1 (2018), 0 (2019), 2 (2020);
- ҚК 190-б. 3-б. 2-т. бойынша – 0 (2018), 1 (2019), 3 (2020);
- ҚК 361-б. 1-б. бойынша – 2 (2018), 2 (2019), 1 (2020);
- ҚК 369-б. 1-бөлігі бойынша – 4 (2018), 3 (2019), 1 (2020).

Олардың ақталмайтын негіздер бойынша – 6-ы (іс жүзінде өкіну – 4, сотталушының қайтыс болуы – 2), ал ақталатын негіздер бойынша – 14-і (қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты) қысқартылған<sup>5</sup>.

Жымқыру және алаяқтық туралы тоқтатылған істердің болмашы өсімі, ал лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану және қызметтік жалғандық туралы істерді тоқтату фактілерінің біртіндеп төмендеуі байқалады:

1. Жымқыру туралы істер тоқтатылған кезде соттар сотталушының өзіне немесе басқа адамдарға пайда алуға бағытталған пиғылының (қылмыстың субъективті жағының) болмауына назар аударады.

Мысалы, С. және А. ұлттық музыкалық аспаптарды сатып алу үшін бөлінген 3 425 056 теңге сомасындағы ақшалай қаражатты төлем ведомосына көрінеу жалған мәліметтер енгізу арқылы ұрлады деп айыпталды.

<sup>5</sup> Данные правовой статистики за 2018-2020 годы [Электронный ресурс]: Информационный сервис КПСиСУ ГП РК. – Режим доступа: <https://www.qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPPageGroup/Services/Pravstat> (дата обращения: 04.04.2021).



Алайда сот сотталушылардың іс-әрекеттері пайдаланылған сомаға мөлшерлес өтеулі сипатта болғанын анықтады.

2. Бұдан басқа, жымқыру туралы істер тоқтатылған кезде соттар сотталушылардың іс-әрекеттерінен елеулі зиянның жоқтығына назар аударады.

Мысалы, М. «Энск ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ жетекші маманы бола отырып, жалпы сомасы 1 179 347 теңге жалақы, сыйақы және басқа да төлемдер бойынша ақшалай қаражатты негізсіз аударған деп айыптаған.

Тергеу барысында сотталушының жымқыруға пиғылының жоқтығы туралы дәлелдері тексерілмеді. Сараптамалық зерттеулер нәтижесінде М. артық аударылған қаражат сомасы 201 791,50 теңгені, ал төленуге тиісті сома 200 000 теңгені құрағаны анықталды. Артық аударылған және төлеуге тиісті ақша қаражатының сомасы арасындағы айырма 1 791 теңге.

Бұл жағдайда сот М. қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрмайтын бухгалтерлік тәртіпті бұзуға жол берді деп есептеді.

3. Лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану туралы істер тоқтатылған кезде соттар қылмыстық істерді көбінесе сотталушының пайдакүнемдік ниетінің (қылмыстың субъективтік жағының) болмауы негізінде тоқтатады:

1) бірінші сатыдағы соттың үкімімен Н. өзі және басқа адамдар үшін пайда мен артықшылық алу мақсатында азамат У. жалақысын есептеп, тағайындағаны үшін кінәлі деп танылды. Аз. У. іс жүзінде жұмыс істемеді. Нәтижесінде мемлекетке 294 044 теңге сомасында залал келтірілді.

Алайда, Н. қаражатты тек балабақшаның қажеттіліктеріне ғана пайдаланды, яғни балалардың болуына тиісті жағдай жасау мақсатында қалыпты қызметті ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдады. Көрсетілген жағдайларда мемлекетке залал жоқ. Сонымен қатар, жұмыс уақытын есепке алу табеліне жалған мәліметтер енгізу пайдакүнемдік себеп пен зиян келтіру мақсатына ие болмады және қызметтік жалғандық болып табылмайды. Осыған байланысты кассациялық саты

айыпталатын қылмыстар құрамының болмауына байланысты істі тоқтатты;

2) Н. балабақшаның жылумен жабдықтау операторы болып жұмысқа О.-ны қабылдады деп айыпталды. Кейін оны сол кәсіпорындағы электриктің толық емес жұмысына орналастырды. Бұл ретте О. ай сайын 13.000 теңге жалақысынан кәсіпорын қажеттілігі үшін Н.-ға 10 000 теңгеден беріп отырған.

Сот аталған қаражатты Н. балабақшаның жылу жүйесіне пайдаланғанын анықтады. Бұл мән-жайлар тергеудің, прокурордың және төменгі сатыдағы соттардың назарынан тыс қалды, оларға тиісті құқықтық баға берілмеді. Сот алқасы Н.-ның әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы жоқ екенін мойындады;

3) сол сияқты, балабақша меңгерушісі М.-ны бірінші сатыдағы сот А. және Ж.-ны жалған жұмысқа қабылдаған деп, қызметін теріс пайдаланғаны үшін кінәлі деп тапты. Алайда сот М.-ның ақшалай қаражатты балабақшаның қажеттіліктеріне жұмсағанын ескермеді. Кассациялық сатыда бұл іс қылмыс құрамдарының болмауына байланысты тоқтатылды.

Барлық жағдайларда қаржылық тәртіпті бұзу орын алады, бұл тәртіптік жауапкершілікке әкеледі. Сонымен қатар, шенеуніктер өз мекемелерінің мүдделері үшін осындай әрекеттерді жасауға мәжбүр болды, өйткені тиісті бюджеттік ерекшеліктерде қаражат жеткіліксіз болды.

4. Іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған кезде соттар қызметтік жалғандықтың дұрыс түсіндірілмегенін де көрсетеді, ол ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу мақсатында ресми құжаттарға көрінеу жалған мәліметтер енгізу болып табылады.

Сонымен, сот үкімімен А. дәріхананың санитарлық жағдайы туралы оң қорытындыға қол қойғаннан кейін қызметтік жалғандық жасағаны үшін кінәлі деп танылды. Алайда, заңның мағынасы бойынша, қызметтік жалғандықтың мәні құқықтарды білдіретін және міндеттерден босататын ресми құжаттар болып табылады. Сот лицензия беру үшін оң қорытынды талап етілмегенін ескермеді, яғни жалған қорытынды құқық бермеді және міндеттерден босатпады.

Осыған байланысты, А.-ға қатысты қылмыстық іс оның әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылды<sup>6</sup>.

Сонымен, аталған санаттағы істерді тергеу кезінде жол берілетін жүйелі бұзушылықтарды сот практикасын талдау (сыбайлас жемқорлық қылмыстар (ұрлау, теріс пайдалану, қызметтік жалғандық) туралы басқарушылық буындағы адамдарға қатысты сот ақтаған және тоқтатқан қылмыстық істер) көрсетті, яғни:

- жауаптылыққа тартылатын адамдардың дәлелдері тиісті тексерусіз қалады, кейіннен сот қылмыстық қудалауды болдырмайтын мән-жайлар ретінде таниды (іс-әрекеттер функционалдық міндеттерге сәйкес жүзеге асырылған, ниеті кәсіпорын қызметінің игілігіне бағытталған, іс-әрекеттер аса қажеттілікпен, негізделген тәуекелмен және т.б. байланысты жасалған);

- алдын ала тергеудің толық еместігі сотта қосымша сараптамалық зерттеулер тағайындау арқылы толтырылған, олардың тұжырымдары көбінесе тағылған айыпқа сәйкес келмейді;

- тергеушілер «ресми құжат» ұғымын дұрыс түсінбейді, оларға жалған ақпарат енгізудің салдары анықталмайды, тиісінше адамдарды қылмыстық қудалау шеңберіне заңсыз тартуға әкеп соғады;

- тәртіптік жауапкершілікке әкеп соқтыратын қаржылық, бухгалтерлік тәртіпті бұзу қылмыстық құқық бұзушылық ретінде қате түсіндіріледі және т.б.

Шынында да, соттардың сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін қылмыстық жаза тағайындау барысында, істің мән-жайын егжей-тегжейлі қарастырғанда көрсетілген кемшіліктер орын алып отыр, нәтижесінде қылмыс құрамының болмауына байланысты іс тоқтатылып жатады. Әрине қылмыс құрамы болмаса, жаза тағайындау туралы да мәселе болмайтыны анық.

Осыған байланысты, ҚПК-нің қолданыстағы нормалары шеңберінде процестің бастапқы сатысында заңдылықты қамтамасыз ету негізсіз

қылмыстық процеске тартуды, оның ішінде адал мемлекеттік қызметшілерді қылмыстық процеске тартуды едәуір дәрежеде қысқартуға және құқық қорғау және фискалдық органдар лауазымды адамдарының жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, 2021 жылғы 17 наурызда Алматы қаласын одан әрі дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте Президент Бас прокуратураға үш буынды модельді енгізу аясында азаматтық мемлекеттік қызметшілерді заңсыз қылмыстық қудалаудың алдын алудың тиімді құқықтық тетігін әзірлеуді тапсырды<sup>7</sup>.

Сонымен Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша енгізілетін жауаптылық аймақтарын нақты бөле отырып, қылмыстық процестің үш буынды моделі адал мемлекеттік қызметшілерге қатысты қылмыстық істерді заңсыз тіркеу және тергеп-тексеру фактілерін болдырмауға мүмкіндік береді (2021 жылдың 2 айында негізгі процестік шешімдерді келісу шеңберінде прокурорлар күдікті деп тану туралы 802 (13), күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы 295 (19) қаулыларды келісуден бас тартты).

Осы кезеңде әзірленген тәсілдерге сәйкес, қабылданған шешімдер үшін жауаптылықты өз мойнына алуға қорықпайтын адал шенеуніктерді қылмыстық процесс шеңберіне тартуды болдырмау және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды басқарушылық қателіктерден ажырату үшін, кешенді шаралар қабылдау қажет деп болжауға мүмкіндік береді, атап айтқанда:

- сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарын саралауда басшылыққа алатын «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы №8 нормативтік қаулысына аталған әрекеттер мен басқарушылық қателіктерді нақты ажырату бойынша тиісті толықтырулар енгізу үшін (себебі аталған құжатта тек парақорлық қылмыстары бойынша түсіндірме ғана көзделген), аталған

<sup>6</sup> Вступившие в законную силу судебные акты, вынесенные судами в 2018-2020 годах [Электронный ресурс]: Банк судебных актов. – Режим доступа: <https://office.sud.kz/courtActs/index.xhtml> (дата обращения: 04.04.2021).

<sup>7</sup> Президент высказался о госслужащих, которые «пилят» бюджет [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://litter.kz/prezident-vyskazalsya-o-gossluzhashhih-kotorye-pilyat-byudzheta/> (дата обращения: 04.04.2021).



санаттағы істер бойынша сот практикасын қорыту;

- іс бойынша шындықты анықтау жөніндегі ҚПК талаптарының дәл орындалуын (ҚПК-нің 125-бабының 6-бөлігі), істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу, әшкерелейтін де, ақтайтын да дәлелдемелерді анықтау қағидатын қатаң сақтауды қамтамасыз ету;

- үш буынды модель шеңберінде қылмыстық процесті реформалауды жалғастыру қажет деп санаймыз.

Сонымен қатар, ұсынылып отырған тәсілдер толық емес деп ойлаймыз, өйткені Академия зерттеушілері сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарды басқарушылық қателіктерден ажыратудың және негізсіз жауаптылыққа тартуды болдырмаудың теориялық және қолданбалы аспектілерін ғылыми зерттеу шеңберінде зерделеуді жалғастыруда.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ambraseys, N. Corruption kills [Electronic resource] / N. Ambraseys, R. Bilham // Nature. - 2011. – 469. – P. 153–155. - Access mode: <https://www.nature.com/articles/469153a#citeas> (Access data: 04.04.2021).
2. MacWilliam, S. From development and grand corruption to governance [Electronic resource] / S. MacWilliam, M. Rafferty // International Journal for Crime, Justice and Social Democracy. – 2017. - 6(4). – P. 12-28. - Access mode: <https://www.crimejusticejournal.com/article/view/881> (Access data: 04.04.2021).
3. Maggio, P. A critical analysis of corruption and anti-corruption policies in Italy [Electronic resource] / P. Maggio // Journal of Financial Crime. – 2020. - Access mode: <https://www.emerald.com/insight/content/doi/10.1108/JFC-12-2019-0168/full/html#sec011> (Access data: 04.04.2021).
4. Рахметов, С.М. О некоторых проблемах уголовно-правовых мер борьбы с коррупцией в Республике Казахстан / С.М. Рахметов // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. - 2010. - №2(18). - С. 49-54.
5. Estévez-Soto, P.R. Are Repeatedly Extorted Businesses Different? A Multilevel Hurdle Model of Extortion Victimization [Electronic resource] / P.R. Estévez-Soto, S.D. Johnson, N. Tilley // Criminol. - 2020. - Access mode: <https://link.springer.com/article/10.1007/s10940-020-09480-8#citeas> (Access data: 04.04.2021).
6. Mungiu-Pippidi, A. Corruption: Good governance powers innovation [Electronic resource] / A. Mungiu-Pippidi // Nature. – 2015. – 518. - P. 295–297. - Access mode: <https://www.nature.com/news/corruption-good-governance-powers-innovation-1.16927> (Access data: 04.04.2021).
7. Омаров, Е.А. Анализ причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений / Е.А. Омаров // Правовой научно-практический журнал «Заң және заман». - 2018. - №6(210). - С. 24-28.
8. Тарасенко, Ф.П. О роли ошибок в управленческой деятельности [Электронный ресурс] / Ф.П. Тарасенко // ПУСС. - 2011. - №4. - С. 30-48. – Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/o-rol-i-oshibok-v-upravlencheskoj-deyatelnosti> (дата обращения: 04.04.2021).
9. Головин А.Ю. Структурные элементы состава преступления и их значение для квалификации и предупреждения преступлений коррупционной направленности / А.Ю. Головин, Н.В. Бугаевская // Криминологический журнал Байкальского государственного университета экономики и права. - 2015. - Т.9, №2. - С. 257-264. DOI: 10.17150/19967756.2015.9(2).257-264.

#### References:

1. Ambraseys, N. Corruption kills [Electronic resource] / N. Ambraseys, R. Bilham // Nature. - 2011. – 469. – P. 153–155. - Access mode: <https://www.nature.com/articles/469153a#citeas> (Access data: 04.04.2021).
2. MacWilliam, S. From development and grand corruption to governance [Electronic resource] / S. MacWilliam, M. Rafferty // International Journal for Crime, Justice and Social Democracy. – 2017. - 6(4). – P. 12-28. - Access mode: <https://www.crimejusticejournal.com/article/view/881> (Access data: 04.04.2021).
3. Maggio, P. A critical analysis of corruption and anti-corruption policies in Italy [Electronic resource] / P. Maggio // Journal of Financial Crime. – 2020. - Access mode: <https://www.emerald.com/insight/content/doi/10.1108/JFC-12-2019-0168/full/html#sec011> (Access data: 04.04.2021).

---

4. Rahmetov, S.M. O nekotoryh problemah ugolovno-pravovyh mer bor'by s korrupciej v Respublike Kazahstan / S.M. Rahmetov // Vestnik Instituta zakonodatel'stva i pravovoj informacii Respubliki Kazahstan. - 2010. - №2(18). - S. 49-54.

5. Estévez-Soto, P.R. Are Repeatedly Extorted Businesses Different? A Multilevel Hurdle Model of Extortion Victimization [Electronic resource] / P.R. Estévez-Soto, S.D. Johnson, N. Tilley // Criminol. - 2020. - Access mode: <https://link.springer.com/article/10.1007/s10940-020-09480-8#citeas> (Access data: 04.04.2021).

6. Mungiu-Pippidi, A. Corruption: Good governance powers innovation [Electronic resource] / A. Mungiu-Pippidi // Nature. - 2015. - 518. - P. 295–297. - Access mode: <https://www.nature.com/news/corruption-good-governance-powers-innovation-1.16927> (Access data: 04.04.2021).

7. Omarov, E.A. Analiz prichin i uslovij, sposobstvujushhih soversheniju korrupcionnyh pravonarushenij / E.A. Omarov // Pravovoj nauchno-prakticheskij zhurnal «Zaң zhәne zaman». - 2018. - №6(210). - S. 24-28.

8. Tarasenko, F.P. O roli oshibok v upravlencheskoj dejatel'nosti [Elektronnyj resurs] / F.P. Tarasenko // PUSS. - 2011. - №4. - S. 30-48. - Rezhim dostupa: <https://cyberleninka.ru/article/n/o-roli-oshibok-v-upravlencheskoj-deyatelnosti> (data obrashhenija: 04.04.2021).

9. Golovin A.Ju. Strukturnye jelementy sostava prestuplenija i ih znachenie dlja kvalifikacii i preduprezhdenija prestuplenij korrupcionnoj napravlenosti / A.Ju. Golovin, N.V. Bugaevskaja // Kriminologicheskij zhurnal Bajkal'skogo gosudarstvennogo universiteta jekonomiki i prava. - 2015. - T.9, №2. - S. 257-264. DOI: 10.17150/19967756.2015.9(2).257-264.